Баланың дұрыс сөйлей білу дағдысын қалыптастыру

Досмухамбетова Кумысай Мухамедгалеевна
"Қостанай ауданының Тобыл қаласы әкімінің аппараты" ММ
"Гүлдер" бөбекжай-бақшасы" КМҚК
тәрбиешісі

Балабақшадағы тәрбие жұмысының басты мақсаттарының бірі баланың тілін ұстартып, таза сөйлей білуге үйрету, ой-өрісін дамыту. Ой-өрісті дамыту мен өнегелі тәрбие беруде ана тілінің маңызы ерекше. Әдетте бес жасқа қараған баланың сөздік қоры молаяды. Бала тілінде синоним, антоним, бейнелеуіш сөздер пайда болады да, еш қиналмай зат есімдерге жұрнақтар қосып, сөздерді түрлендіре айта алады. (мысалы: ойыншыққа, ойыншықпен, ойыншықта, ойыншықтарда) Балалардың ой-өрісін дамытып, оларды дұрыс сөйлеуге, сөздік қорларын байыту сияқты басты мақсатқа жету үшін ойын технологиясын қолданған тиімді. «Баланы ойын өсіреді» деген қазақ халқында даналық сөз бар. Ойын арқылы баланың дүниетанымын қалыптастыруға, қиялын шыңдауға, баланың арман, тілегін білуге, зейінін, жадынын қалыптастыруға, ойлау қабілетін дамытуына әсер етуге болады.

Ойын –балалар үшін күрделі әрекет. Ойын арқылы бала білуге, өзіне құпия дүниенің сырын ашуға талаптанады. Бала қиялы ойын үстінде ойлау дағдыларын қалыптастырады. Бала айналасындағы затты ғана танып қоймайды, оның әрекетіне де мән береді. Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшелігін қалыптастырады. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Бір-бірімен өз ара қарым қатынас жасайды. Ойын бала үшін айналаны танып, білу тәсілі. А.С.Макаренко былай деп жазады: «Бала ойында қалай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан ұқсас болады.» Келешекте қайраткер азаматты тәрбиелеу алдымен осы ойыннын басталады. Баршамызға белгілі, ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық» деп бекер айтпаған. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады. Ойында шындықтың көрінісі, оның бейнелі сәулесі қылаң береді. Жалпы ойынға тән нәрсе өмірдің әртүрлі құбылыстары мен үлкендердің түрлі іс-әрекеттеріне еліктеу екені белгілі. Ойынның шартты түрдегі мақсаттары бар, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттер бала үшін қызықты. Балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі ойында жатыр. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады. Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді.

Сондықтан да педагогикада бала ойынына ерекше мән беріледі, өйткені ойын үстінде қалыптасатын балалық шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өмірбақи өшпестей із қалдырады. Бала ойын арқылы өзін толқытқан қуанышын немесе ренішін, асқақ арманын, мұрат-мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін де негізгі іс-әрекет-ойын. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына игі ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырады, қоршаған орта мен құбылыстарды ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды. Былайша айтқанда болашақ қайраткердің тәрбие жолы, тәлімдік өнегесі ойыннан бастап өрбиді.

Ойын үстінде бала бейне өмірдің өзіндегідей қуаныш, реніш сезіміне бөленеді. Балаға тән қасиет бәрін өзім істеймін деп талпынады. Баланың осы талпынысын қоштап, көмектесіп, сенім білдіріп отыру ол тәрбиешінің ұтымды әдісі. Бірақ бала одан ойын екенін білмейді деген түсінік тумайды. Сондықтан шындықтағыдай «сөйтейік, бүйтіп көрейік» деуі, олардың «ойынды ойын» деп түсінуінде жатыр.

Осыдан келіп ойын туралы мынандай тұжырым жасалады:

Ойын-тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді тәрбиелейді.

Ойын-ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

Ойын -ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.

Ойын - эстетикалық тәрбие беру — өнерді,

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания №KZ93VPY00020180 выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития РК 11.02.2020 г.

көркемдікті түсіндіру құралына айналады.
Ойын - еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.
Ойын - дене күшінің жетілуіне көмектеседі — ойын баланы жан-жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады.
Ойнай жүріп өсетін баланың жан серігі де ойын. Балалар ойындары бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы: Ұлттық ойындар. желілі-рөлді ойындар, дидиктикалық ойындар, қимылды-қозғалысты, спорттық ойындар сияқты сан алуан түрлері бар. Халқымыздың өмірге дені сау, шыныққан балалар тәрбиелеу жөнінде өз ұрпақтарына үлкен де бай мұрасы-ұлттық ойындар. Халықтың салт-дәстүрін сақтаған, ғасырлар тарихы сынынан өткен қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір саласы. балалар үшін ұлттық ойындар өз алдына дербес жинақталып, зерттелмегенімен, ертеден-ақ ол туралы жекелеген ой, ғылыми тұжырымдар жасалған. Балалар ойындарын ойын-сауық жырларымен, халықтың әдет-ғұрпымен, тұрмыс-тіршілігімен бірлікте алып қарастырған. Баланың бойындағы қандай да болмасын қасиеттер қоршаған ортасында, үлкендерге байланысты екені мәлім. Өйткені бала өмірлен көргенін, үйренгенін, ойға түйгендерін қайталайды. Сондықтан жақсылыққа меңзейтін ұлттық ойындарда қоғамның даму заңдылықтарына сәйкес әр кезеңдерде жетілдіріп отырады. Дәл бүгінгі күні де ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні жайлы мәселе өз құндылығын жойған жоқ, керісінше жаңа қырынан көрініп отыр. Ұлттық ойындардың көбі сөзге негізделген, оның мақсаты балаларға дұрыс сөйлеуді, түрлі құбылыстарды, іс-әрекетті түсінікті етіп сипаттай білуге, шешендікке, тапқырлыққа баулу. Ұлттық ойындар мен спорттық ойындар жалпы мәдениеттің, әдебиеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол – жас ұрпақты еңбексүйгіштікке, патриоттық сезімге, достыққа, жолдастыққа, қайраттыққа тәрбиелеу құралы. Қазақтың ұлттық ойындарының ерекшелігі, оларды оқу қызметінде де, серугенде де ойнатуға болады. Ойын кезінде балалар халық әндері мен жырларын орындап, күмбірлеген күйлерін естіп, өмірде болған ауыз әдебиетінің түрлі жанрларын орындап, ой елегінен өткізе отырып, ізгі қасиеттерді қалаптастырады.

Сетевое издание SEVIBA: Образование | SEVIBA.KZ
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания №KZ93VPY00020180 выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития РК 11.02.2020 г.